

Мәслихаттың 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 "Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 74 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 35 шешімімен

**Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 01.09.2023 № 35 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Бейімбет Майлин ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8928 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 шешімімен бекітілген", "Мәслихаттың 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 шешіміне қосымша" сөздері "Мәслихаттың 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 шешіміне 1-қосымша" және "Мәслихаттың 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 349 шешіміне 2-қосымша" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 74 шешіміне

қосымша

Мәслихаттың

2020 жылғы 23 қантардағы

№ 349 шешіміне

1-қосымша

## Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Набережный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Набережный ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үшін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыллатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

### 2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу үшін тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Набережный ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы

Набережный ауылдық округінің әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуіді Набережный ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көшे шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Набережный ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Набережный ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары екілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Набережный ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.